

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы
31 желтоқсандағы № 445 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі –
Министрлік, ҚР ЭМ)

**2020-2024 жылдарға арналған
даму жоспарын іске асыру туралы есеп
есеп беру кезеңі: 2022 жыл**

1. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы	Ақпарат көздері	Өлшем бірлігі	Есептік кезең		Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
1	2	3	4	5	6
Стратегиялық бағыт. Отын-энергетикалық кешен салаларын дамыту					
Саланың дамуын сипаттайтын макроиндикаторлар:					
Электр энергиясын өндіру көлемі	«КЕГОК» АҚ деректері	млрд. кВтс.	109,1	112,8	орындалды
Уран өндіру көлемі	«Қазатомөнеркәсіп» АҚ деректері	тонна	22 297	21 279	орындалмаған
Жаңартылатын энергия көздерін өндіретін электр энергиясының көлемі	ведомств. деректер	млрд. кВтс	4,5	5,11	орындалды
Мұнай өндіру көлемі	ведомств. деректер	млн. тонн	82,88	84,2	орындалды
Газ өндіру көлемі	ведомств. деректер	млрд. текше.м.	51,7	53,2	орындалды
Мұнай-газ-химия өнімін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда)	ведомств. деректер	мың тонн	256	271,4	орындалды
1.1.-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету, жаңартылатын энергия көздерін және атом энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау					
Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтауға деген қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*)	«КЕГОК» АҚ деректері	%	100	100	орындалды
Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі	ведомств. деректер	2020 жылғы деңгейден бір рет саны	2	2	орындалды
1.2-мақсат. Ел экономикасының мұнай өнімдеріне, газға деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жергілікті қамтуды дамыту					
Тұрғындарды газдандыру деңгейі	ведомств. деректер	%	59	59	орындалды

Жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі:	ведомств. деректер	%			
- мұнай бойынша:					
тауар бойынша			20	22,56	орындалды
жұмыс, көрсетілетін қызмет бойынша			52	64,57	орындалды
- уран бойынша:					
тауар бойынша			30,5	62,95	орындалды
жұмыс, көрсетілетін қызмет бойынша	89	93,14	орындалды		

2. Қаржы қаражатының игерілуі

Қаржыландыру көздері	Жоспар, миллион теңге	Нақты, миллион теңге	Игерілмеуінің себептері
1	2	3	4
Республикалық бюджет	45 188,43	45 188,38	
Ұлттық қор	95 501,63	95 501,63	
Барлығы	140 690,06	140 690,01	Үнемдеу және ықшамдау есебінен қалдық 0,05 млн.теңге

3. Талдамалық жазба

Отын-энергетика кешені салаларын дамыту стратегиялық бағыты

«Электр энергиясын өндіру көлемі» НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 112,8 млрд.кВтсағ құрады, бұл жоспардың 103 % (109,1 млрд. кВтсағ) құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтарға Қазақстанда электр энергиясын өндіруді ұлттық, өнеркәсіптік және өңірлік маңызы бар 207-ге жуық электр станциялары жүзеге асырады.

Қазақстанның электр станцияларының жалпы қолда бар қуаты 19024,3 МВт құрайды, 2022 жылы жүктеме шыңы – 15203 МВт.

Екібастұз ГРЭС-2 электр энергиясының Қырғызстанға экспорты 473 млн. кВтсағ құрады.

«Уран өндіру көлемі» НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша уран өндіру көлемі 21 279 тоннаны құрады, бұл жоспардың 95,4 % (22 297 тонна) құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ақпараты бойынша уран өндіру көлемі бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалмауы мынадай себептерге байланысты:

- Ақдала кен орнының («ЮГХК» БК ЖШС) айтарлықтай игерілуіне байланысты;

- рұқсат құжаттарын берудің кешігуіне және «Катко» БК ЖШС өндіруге технологиялық блоктарды енгізу графигін жылжытуға байланысты;

- «Байкен-У» ЖШС-ға COVID-19 теріс әсеріне байланысты ПВХ құбыр өнімдерінің тапшылығы.

Табиғи уранның әлемдік нарығында Қазақстан уран өндіру және жеткізу бойынша көшбасшылық позициясын сақтап келеді.

Әлемдегі сенімді расталған уран қоры бойынша еліміз екінші (әлемдік қорлардың 14 %) орында, оның 67%-ы ең арзан – жерасты ұнғымасында шайып сілтгісіздендіру әдісімен өндіруге жарамды.

Бұл ретте өндірістің төмендеуі уран бағасының өсуіне әсер етті. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша уранның бағасы 49,8 \$/фунтты құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 18% - ға жоғары (2021 жылы 42 \$/фунт).

Осыған байланысты уран өндірісінің төмендеуі баға конъюктурасына әсер етті, бұл ел экономикасына оң әсер етеді.

«Жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясының көлемі» НИ

2022 жылдың қорытындысына сәйкес жаңартылатын энергия көздері объектілері өндірген электр энергиясы көлемі 5,11 млрд. кВтсағ (ЖЭС – 2 411 млн.кВтс; КЭС – 1 763 млн.кВтс; ГЭС - 934 млн.кВтс; БиоЭС – 1,98 млн.кВтс) құрады, бұл жоспардың 113,5 % (4,5 млрд кВтсағ) немесе электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінің 4,53 % құрады.

2022 жылы жиынтық қуаты 385,4 МВт 12 ЖЭК жобасы іске асырылды, оның ішінде 7 ЖЭС – 273,5 МВт, 5 КЭС – 111,9 МВт. Инвестиция сомасы шамамен 285 млн. АҚШ долларын құрады.

Қазіргі уақытта Республикада белгіленген жиынтық қуаты 2 388 МВт болатын 130 ЖЭК объектісі (100 кВт асатын және істен шыққан объектілерді ала отырып) жұмыс істейді:

- қуаты 957,5 МВт жел электр станцияларының 46 объектісі;
- қуаты 1 149 МВт күн электр станцияларының 44 объектісі;
- қуаты 280 МВт гидроэлектр станцияларының 37 объектісі;
- қуаты 1,82 МВт биогаз электр станцияларының 3 объектісі.

ЖЭК секторын одан әрі дамыту парниктік газдар шығарындыларын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, «жасыл» инвестициялар тартуға және экологиялық таза электр энергиясын қосымша өндіруге әкеледі.

«Мұнай өндіру көлемі» НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша мұнай және конденсат өндіру көлемі 84,2 млн.тоннаны құрады, бұл жоспардың 101,6 % (82,88 млн. тонна) құрайды.

Мұнай өндірудің негізгі үлесі үш ірі жоба есебінен қамтамасыз етілді, ол: ТШО – 29,18 млн.тонна, КПО – 11,26 млн. тонна, НКОК – 12,68 млн. тонна (басқалары – 31,1 млн. тонна).

Мақсаттарға қол жеткізу блогы бойынша операциялық бағалау әдістемесінің 28-тармағына сәйкес индикатордың жоспарлы мәндерін Үкімет тапсырмалары шеңберінде төмендету жағына қарай түзетуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловтың 2022 жылғы 5 сәуірдегі №12 хаттамалық шешіміне сәйкес нысаналы индикатордың көрсеткіші 87,5 млн. тоннадан 85,7 млн. тоннаға төмендеу жағына қарай түзетілді.

Анықтама:

2022 жылғы 23 наурыз бен 24 сәуір аралығында КҚК құбырындағы апатқа және жөндеу жұмыстарына байланысты мұнайды жөнелту тоқтатылды, бұл мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне әсер етті.

Сонымен қатар 2022 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 931 қаулысымен Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді, онда 2022 жылға арналған мұнай өндіру нысаналы индикаторының жоспарлы көрсеткіші 82,88 млн.тонна көлемінде бекітілді.

Анықтама:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә. А. Смайыловтың 2022 жылғы 28 қазандағы №17-13/5399 тапсырмасына сәйкес мұнай өндірудің жоспарлы көрсеткіші түзетілді.

Ірі кен орындарында жоспарлы және жоспардан тыс жөндеу жұмыстарына байланысты:

- 2022 жылдың тамыз айында Болашақ зауытындағы газ-сұйықтық сепараторының ағып кетуіне байланысты Қашаған кен орны тоқтатылды;

- 2022 жылдың қазан айында Қарашығанақ кен орнында МӨЗ-де газ қабылдаудың шектелуіне байланысты көмірсутектер өндірісі төмендеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес даму жоспарының нысаналы индикаторы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келтірілді.

«Газ өндіру көлемі» НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша газ өндіру көлемі 53,2 млрд.м³ құрады, бұл жоспардың 102,9% (51,7 млрд. м³) құрайды.

Газ өндірудің негізгі үлесі үш ірі жоба есебінен қамтамасыз етілді, ол: ТШО – 16,1 млрд.м³, КПО – 19,4 млрд. м³, НКОК – 7,9 млрд. м³ (басқалары – 9,8 млрд. м³).

Айта кету керек, газ ілеспе мұнай болып табылады және мұнай өндіруге байланысты.

Анықтама:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18 шілдедегі 2022 жылғы № 488 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы»: «өз құрылымы бойынша Қазақстан Республикасында өндірілетін газ негізінен ілеспе мұнай газы болып табылады.»

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловтың 2022 жылғы 5 сәуірдегі №12 хаттамалық шешімінің 2-тармағына сәйкес газ өндірудің жоспарлы көрсеткіші 54,5 млрд. м³-тен 53,5 млрд. м³-ке дейін төмендету жағына қарай түзетілді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 931 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде нысаналы индикатордың жоспарлы көрсеткіші 51,7 млрд. м³ дейін түзетілді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабы 5-тармағының 2)тармақшасына сәйкес даму жоспарының нысаналы индикаторы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келтірілді.

«Мұнай-газ-химия өнімін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда)»

НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда) 271,4 мың тоннаны құрады, бұл жоспардың 106 % (256 мың тонна) құрайды, оның ішінде ішкі нарыққа жеткізу 120,5 мың тоннаны құрады, экспорт 150,9 мың тоннаны құрады.

2022 жылғы 8 қарашада Мемлекет басшысының қатысуымен полипропилен өндіру зауытын («КРІ» ЖШС) іске қосу салтанатты рәсімі өтті. 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында зауыт 31,9 мың тонна полипропилен өндірді.

Бұл ретте «Мұнай-газ-химия өнімін өндіру көлемі (битум көлемін қоспағанда)» НИ бойынша Даму жоспарының жоспарлы мәні ішкі нарыққа жанар-жағармай материалдарын үздіксіз жеткізу мақсатында елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты 560 мың тоннадан 256 мың тоннаға дейін түзетілді, Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) бензол мен параксилол өндірісінің төмендеуімен отын режиміне ауыстырылды.

Анықтама:

АМӨЗ үлесіне мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру көлемінің шамамен 60% - ы тиесілі.

2022 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 931 қаулысымен Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы бекітілді, онда 2022 жылға арналған мұнай-газ-химия өнімін өндіру нысаналы индикаторының (битум көлемін қоспағанда) жоспарлы көрсеткіші 256 мың тонна көлемінде бекітілді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес даму жоспарының нысаналы индикаторы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес келтірілді.

1.1.-мақсат. Ел экономикасының жылу және электр энергиясына деген өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету, жаңартылатын энергия көздерін және атом энергетикасын дамыту үшін жағдайлар жасау

«Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтауға деген қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*)» НИ

Өңірлердің үздіксіз электрмен жабдықтаудағы қажеттіліктерінің қамтамасыз етілуі (ЖАО өтінімдеріне сәйкес*) 2022 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 100 % болғанда 100 %-ды құрады.

ЖАО өтінімдеріне сәйкес 2022 жылы 041 «Жылу-электр энергетикасын дамыту» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 35 822 702 мың теңге сомасына 9 жоба іске асырылды.

Анықтама:

Астана қаласының әкімдігі - 3 жоба;

Алматы қаласының әкімдігі - 1 жоба;

Ақмола облысының әкімдігі - 1 жоба;

БҚО әкімдігі - 1 жоба;

Қостанай облысының әкімдігі - 1 жоба;

Маңғыстау облысының әкімдігі - 1 жоба;

Түркістан облысының әкімдігі - 1 жоба.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 9 жоба іске асырылды, оның ішінде 1 объект пайдалануға берілді.

Жалпы, объектілерді іске қосу 375 мыңнан астам халықты үздіксіз электрмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және 330 мыңнан астам адам жылумен қамтамасыз етіледі, бұл халықтың өмір сүру сапасын жақсартады.

9 жобаны іске асыру кезінде 609 уақытша жұмыс орны құрылды.

«Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі» НИ

2022 жылы нысаналы индикаторға қол жеткізу (атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 30 ғылыми әзірleme) 2020 жылғы деңгейге қатысты 2 есе (атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 15 ғылыми әзірleme) немесе 100% орындалды.

Нысаналы индикаторды іске асыру үшін «Атом энергетикасы саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бюджеттік кіші бағдарламасы шеңберінде орындалатын 4 ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді.

2022 жылы осы кіші бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен 1 391,9 млн. теңге бөлінді, олар 100 % көлемде игерілді.

Сонымен қатар патентке 2 өтінім берілді, шетелдік ғылыми басылымдарда және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рейтингтік басылымдарда 42 мақала жарияланды.

2022 жылы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру ғалымдар мен мамандардың ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысуын арттыруға, осы бағдарламаларда зерттеулер жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны жақсартуға мүмкіндік берді. Ғылыми-техникалық жұмыстарды орындау кезінде 835 адам жұмыспен қамтылды, бюджетке салынатын салық сомасы 39 604,96 мың теңгені құрады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері атом саласында, медицина мен өнеркәсіпте ядролық ғылымды, ядролық және радиациялық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ атом саласының ғылыми-технологиялық базасы мен зияткерлік әлеуетін жоғары деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді.

1.2-мақсат. Ел экономикасының мұнай өнімдеріне, газға өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда жергілікті қамтуды дамыту

«Тұрғындарды газдандыру деңгейі» НИ

2022 жылдың қорытындысына сәйкес жоспар бойынша 59 % болғанда газдандыру деңгейі 59 %-ды (100 %) құрады немесе 11,6 млн. адам табиғи газға қол жеткізді.

Жалпы облыстар бойынша	Облыс бойынша газ құбырларының ұзындығы, км	Облыстың халық саны	Газбен қамтамасыз етілген халық саны 01.01.2023 ж.	Облыста (қала) газдандырылған халық санының деңгейі, %	
				1.01.2022ж.	1.01.2023ж.
	74 941	19 765 004	11 658 748	57,6	59
1 Маңғыстау	4 795	766 956	765 875	98,7	99,9
2 Атырау	6 157	693 040	691 112	99,7	99,7
3 Алматы қ.	5 996	2 161 695	2 145 357	99	99,2
4 БҚО	9 256	688 091	685 000	98,9	99,6
5 Ақтобе	8 090	928 185	869 170	92,8	93,6
6 Қызылорда	3 752	833 531	583 741	66,5	70
7 Түркістан	11 627	2 119 063	1 548 588	66,2	73,1
8 Шымкент қ.	7 251	1 191 877	1 123 056	93	94,2
9 Жамбыл	6 886	1 217 955	1 099 202	88,6	90,2
10 Қостанай	4 186	832 110	484 889	57,9	58,3
11 Алматы	3 557	1 505 984	1 107 014	61,2	73,5
12 ШҚО	380	730 172	22 883	2,8	3,13

13	СҚО	-	534 024	-	0	0
14	Қарағанды	321	1 134 753	17 412	0	1,5
15	Астана	650	1 354 435	203 848	15,4	15,1
16	Ақмола	345	787 971	17 716	0	2,2
17	Павлодар	-	754 903	-	0	0
18	Абай	-	610 189	-	0	0
19	Жетісу	1 692	698 675	287 935	0	41,2
20	Ұлытау	-	221 395	5 950	0	2,69

2022 жылы 003 бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 142 жобаны іске асыруға 96,1 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде 30 жоба аяқталды немесе 50,5 мың тұрғыны бар 43 елді мекен табиғи газға қол жеткізді.

«Жер қойнауын пайдаланумен байланысты операцияларын өткізгенде жергілікті қамту үлесі» НИ

2022 жылдың қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде жергілікті қамту үлесі:

- мұнай операциялары бойынша: тауарлар бойынша 22,56 %, жоспар бойынша 20 %; жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 64,57 %, жоспар бойынша 52% %;

- уран операциялары бойынша: тауарлар бойынша 62,95 %, жоспар бойынша 30,5 %; жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 93,14 %, жоспар бойынша 89 %.

2022 жылы жер қойнауын пайдаланушылардың тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бөлінісінде көмірсутек шикізаты мен уранды сатып алуындағы жергілікті қамту 2021 жылмен салыстырғанда 21 % – ға немесе 1 017,62 млрд. теңгеге ұлғайды (2022 жылы – 5707,95 млрд. теңге, 2021 жылы – 4690,33 млрд. теңге).

Жергілікті қамтудың жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу:

- ТШО-ның күрделі жобаларында жұмыс істейтін қазақстандық бизнес-әріптестердің (мердігерлердің) мөлшерлемелерін 50% - ға ұлғайтуға;

- ТШО отандық мердігерлерінің логистикалық көрсетілетін қызметтерге шығындарын ұлғайтуға;

- ірі мұнай-газ жобаларында жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын табысты іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұлғайтуға;

- жергілікті жеткізушілерден сатып алынатын химиялық өнімді (күкірт қышқылын) сатып алудың үлкен көлеміне негізделеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



А. Хасенов